

ЖШС «Абзал» бөбекжай – балабақшасында өткізілген

жалпы ата – аналар жиналысының

№1 хаттамасы

Қатысқандар: 95

Өткізілген күні: 10.09.2025ж.

Күн тәртібінде:

1. 2025 – 2026 оқу жылымен құттықтау. Меңгеруші: Д.И.Малдыбаева
2. Бөбекжай-бақшаның күн тәртібімен таныстыру ҮІӨ кестесімен таныстыру.
3. «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасымен таныстыру.
4. Ата-аналар комитетінің төрағасын және көмекшілерін сайлау.
5. «Тазалық-денсаулық кепілі» баяндама. Медбике: Пазылова М
6. Түрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Бақша меңгерушісі Д.И.Малдыбаева сөз алып, алдымен жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады.Барлық ата – аналарға бала тәрбиесінің баспалдағы отбасы мен балабақшадан басталатыны айта өтті. Ата – аналарды бүгінгі күнде ата – аналар жиналысындағы талқыланатын басты мәселелермен таныстырып өтті. Жалпы балабақшадағы балалардың амандығын тілеп, балалардың бақытты балалық шағын қалыптастыру үшін қолдан келген барлық көмекті аямайтындығы жайында айтып өтті.

Екінші мәселе бойынша бақша әдіскері сөз алып, бөбекжай-бақшаның күн тәртібімен және ҮІӨ кестесімен таныстырып өтті.Сонымен қоса биылғы 2025 – 2026 жылғы оқу жылында «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасының қосылғандығын және оның алға қойылған мақсат міндеттерімен таныстырып өтті.

Бағдарламаның мақсаты: Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм,парасаттылық пен адалдық,ар-

ждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Жаңа оқу жылында аталған бағдарлама негізінде адамгершілік қасиеттерді бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастыруда бірлесе отырып жұмыс жасауымыз керек деп тоқталды.

Ата – аналар тарапынан да бала тәрбиесіне мән беріліп үнемі балабақшаның іс – шараларына қатысуларын өтініп бала өмірі мен денсаулығы үшін үйдегі отбасы жағдайы да әсерін тигізетінін атап өтті.

Келесі кезекте «Балбөбек» тобының ата – анасы Дүйсенова Қ сөз алып, балабақшаға ризашылығын білдіріп, балабақша ұжымына үлкен алғысын білдірді. Балабақша көркейіп, ішінде білімді, алғыр, ақылды өскелең ұрпақ тәрбиеленіп келетіндігін жасырмады. Балаларының азанда ерте тұрып, бақшаға асыға, сағына жүгіріп келетіндігін айтып өтті. Және сол еңбектің барлығы бақша ұжымының ауызбіршілікпен және де тынбай еңбектенгеннің арқасында, тәрбиешілердің балаларға мейіріммен, қамқормен қарап және жылы қабақ танытқандығының арқасы деп білемін дей келе сөзін қорытындылап аяқтады.

Келесі кезекте «Балапан» тобының ата – анасы Манат М сөз алып, ортадан ата – аналар төрағасын сайлауды ұсынды.

Ұсыныс ортаға талқыға салынып, бір ауыздан «Көгершін» тобының ата – анасы Манапова С ата – ана төрайымы болып сайланды.

Бесінші мәселе «Тазалық-денсаулық кепілі» тақырыбында баяндаманы бақшамыздың медбикесі оқып, балалардың денсаулығы, тазалығы жайында сөз қозғады. Бала денсаулығын сақтау үшін ең алдымен гигиеналық тазалық шараларын сақтау ең алдыңғы орында тұратынын айта кетті. Бақшада сол тазалық үнемі сақталық, үнемі тексеріп қадағалап отыратынын, күн тәртібін сақтап бала денсаулығын сақтау шараларын орындайтынын айтып өтті.

Балабақшаға балалардың кешікпей келуі, табельді уақытылы бекіту, төлемақыны уақытылы төлеу секілді түрлі мәселелерге бақша әдіскері

докталып өтті. Балабақша мен ата – аналар бала үшін және оның тәрбиесі мен білімі үшін өте тығыз байланыста болып, аянбай еңбек ету керектігі айтылды. Балабақша мен ата – ананың байланысы балаға өте қатты әсер ететіндігі жайында да сөз қозғалып айтылды. Бала және оның бақытты болашағы үшін аянбай бар күштерін салатындығы жайында айтылды. Ата – аналар әрқашан балалары үшін бәріне дайын екендігін, әрдайым балабақшамен тығыз байланыста болатындығын айтып өтті.

Шешімі:

1. Бала өмірі мен денсаулығы басты назарға алынсын.
2. Бөбекжай-бақшаның күн тәртібімен және ҮІӨ кестесімен жұмыс жүргізілсін.
3. «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасымен жұмыс жүргізілсін.
4. Ата – аналар төрайымы сайлансын.
5. Балабақша мен ата – ана үнемі тығыз қарым – қатынаста болсын.

Бөбекжай-балабақша меңгерушісі:

Хатшы:



Д.И.Малдыбаева

Халикова А.

ЖШС «Абзал» бөбекжай – балабақшасында өткізілген

жалпы ата – аналар жиналысының

№2 хаттамасы

Қатыскандар:95

Өткізілген күні: 15.05.2025ж

Күн тәртібінде:

- 1.№1 ата-аналар жиналысының шешімінің орындалуы менгеруші
Д.И.Малдыбаева
2. «Адамгершілік тәрбиесі, түсінігі, мәні» Әдіскер: Мусаева А А
- 3.«Отбасындағы баланы адамгершілік тәрбиелеудің әдістері мен шарттары»
тақырыбындағы хабарлама. Тәрбиеші: Арипбекова Г
4. Ата-аналарды тестілеу «Менің отбасындағы баланы тәрбиелеу стилі»
Әдіскер:Мусаева А А
5. «Жаз мезгілінде жұқпалы аурулардың алдын алу» баяндама
Медбике:

Тыңдалды:

№1 ата-аналар жиналысының шешімінің орындалуы

Сөз алған: бөбекжай-бақша меңгерушісі Д.И.Малдыбаева

өткен жалпы ата-аналар жиналысында қаралған мәселелердің орындалу барысына тоқталып өтті.

Екінші мәселе бойынша сөз алған: «Адамгершілік тәрбиесі, түсінігі, мәні»

әдіскер Мусаева А А Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеу олардың өмірі мен қызметінің әртүрлі салаларында жүзеге асырылады. Бала отбасында, құрдастарының ортасында, көшеде моральдық әсер етеді. Көбінесе бұл әсер адамгершілік талаптарына сәйкес келмейді. Балалар ұжымында жоғары деңгейде ұйымдастырылған адамгершілік тұлғаның жүйелі, мақсатты қалыптасуы жүреді. Мектепке дейінгі мекемелерде жеке тұлғаны жан-жақты дамытуға бағытталған арнайы тәрбие жұмысы жүзеге асырылады. Өскелең ұрпақты өмірге, еңбекке дайындай отырып, тәрбиешілер балаларды кішіпейіл, адал, принципті болуға, Отанды сүюге, жұмыс істей білуге, адамдарға сезімталдық пен қамқорлықты үйлестіруге үйретеді. Өздеріңіз білетіндей, мектепке дейінгі жас әлеуметтік әсерлерге бейімділіктің жоғарылауымен сипатталады. Бұл әлемге келген бала адамның бәрін сіңіреді: қарым-қатынас, мінез-құлық, қарым-қатынас тәсілдері, ол үшін өз бақылауларын, эмпирикалық тұжырымдар ме

жырымдарды, ересектерге еліктеуді қолданады. Сынақ пен қателік арқылы қозғала отырып, ол ақыр соңында адамзат қоғамындағы өмір мен мінез-құлықтың қарапайым нормаларын игере алады.

Сөз алды: «Отбасындағы баланы адамгершілік тәрбиелеудің әдістері мен шарттары» тақырыбындағы хабарлама. Тәрбиеші Арипбекова А Г сөз алды. Мектеп жасына дейінгі балаларды рухани-адамгершілік тәрбиелеу саласындағы білім беру салаларының нақты мазмұны (3 жастан 6 жасқа дейін) балалардың жас ерекшеліктеріне және жеке ерекшеліктеріне байланысты және әр түрлі қызмет түрлерінде жүзеге асырылады: ойын, коммуникативті, көркем әдебиет пен фольклорды қабылдау, әр түрлі материалдардан, бейнелеу, музыкалық, музыкалық-ритакты. МДҰ-ның негізгі білім беру бағдарламасын іске асыру шарттарына қойылатын талаптарда балалардың дамуының әлеуметтік жағдайын жасау үшін қажетті жағдайлар мыналарды көздейтіні айтылады:

әр балаға, оның сезімдері мен қажеттіліктеріне құрметпен қарау арқылы эмоционалды әл-ауқатты қамтамасыз ету;

әр түрлі жағдайларда өзара әрекеттесу ережелерін белгілеу: балалар арасындағы, оның ішінде әртүрлі ұлттық-мәдени, діни қауымдастықтар мен әлеуметтік топтарға жататын жағымды, мейірімді қарым-қатынастар үшін жағдай жасау;

баланың білім беру мәселелері бойынша ата-аналармен өзара іс-қимыл жасау, оларды білім беру қызметіне тікелей тарту, оның ішінде отбасымен бірлесіп білім беру жобаларын құру арқылы.

Мақсатты нұсқауларға сәйкес мектеп жасына дейінгі балалардың рухани-адамгершілік мәдениеті әлемге оң көзқарас орнатудан тұрады; адамдардың іс-әрекеттерін бағалау және әлеуметтік нормалар мен ережелерді сақтау қабілеті; ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынаста олардың сезімдерінің барабар көрінісі. Осылайша, стандарт бізге мектеп жасына дейінгі балалардың рухани-адамгершілік тәрбиесі мәселесімен тереңірек және мақсатты түрде айналысуға мүмкіндік береді. Балалар адамгершілік ұғымдарын игеруден бастап, алдымен презентация деңгейінде оның мазмұнын толық игеруге дейін үлкен жолдан өтеді. Тәжірибені кеңейту, білімді жинақтау, бір жағынан, үлкен мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік идеяларын одан әрі тереңдетуге және саралауға, екінші жағынан, оларды қарапайым адамгершілік ұғымдарына жақындататын жалпылауға әкеледі (достық, үлкендерге құрмет және т.б.). Қалыптасқан моральдық идеялар балалардың мінез-құлқында, олардың басқаларға деген көзқарасында реттеуші рөл атқара бастайды, - деді.

Сөзге шыққан: «Жаз мезгілінде жұқпалы аурулардың алдын алу» баяндама медбикесі сөз алды. Жұқпалы аурулар адам организміне қоздырушы микробтар

...салдарынан пайда болады. Барлық жұқпалы аурулардың ортақ белгісі жұққан организмнен сау организмге берілуі болып табылады және белгілі бір жағдай орнағанда жаппай, індеттік сипат алады. Жұқпалы ауру эпидемиологияда жеке түрлік, ал кейде типтік жағынан да жеке қоздырушы тугызған жұқпалы жағдай ретінде түсініледі. Сансыз тірі организмдер арасында микроскоптың түрдегі немесе микроорганизмдер көрнекті орын алады. Олар топырақта, суда, ауала, айналадағы заттарда бар. Олар азот, көміртегі, сутегі және табиғаттағы басқа элементтердің айналымына қатысады. Ауыл шаруашылығында, тамақ өнеркәсіптерінде, медицинада пайдаланылатын адамға пайдалы микроорганизмдермен қатар адамдардың, малдардың және өсімдіктердің ауруын шақыртындары да бар. Бұл микробтар зардапты, яғни ауру тудыратын деген атауға ие болған. Ауру тудырмайтын және сыртқы ортада өмір сүретін микроорганизмдер сапрофиттер деп аталады. Қоздырушыларды берудің неғұрлым типтік факторларын атап өтті.

Сөз алған Әртүрлі мәселелер: меңгеруші Д.И.Малдыбаева бөбекжай-бақшада жаз мезгілінде жасалатын алдағы жұмыстармен қысқаша таныстырып өтті және ол жұмыстарға ата-аналардың белсенді қатысып отыруларын айтты. Ата-ана мен бөбекжай арасындағы ынтымақтастық жұмыстары нәтижесінде балаларымызды тәрбиелеу мен оқыту барысында үлкен жетістіктерге жететінімізді айта келіп, ата-аналарға балалардың жыл бойы үйренген біліктілері мен дағдылары бойынша дайындаған мерекелік шараны тамашалауды ұсынды.

Шешім:

1. №1 ата-аналар жиналысының шешімінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. «Адамгершілік тәрбиесі, түсінігі, мәні» атты баяндама қанағаттанарлық.
3. «Отбасындағы баланы адамгершілік тәрбиелеудің әдістері мен шарттары» тақырыбындағы хабарлама жүзеге асырылсын.
4. Ата-аналарды тестілеу «Менің отбасындағы баланы тәрбиелеу стилі» жалғасын тапсын.
5. «Жаз мезгілінде жұқпалы аурулардың алдын алу» баяндама қанағаттанарлық деп табылсын.

Бөбекжай-балабақша меңгерушісі:

Хатшы:



Д.И.Малдыбаева

Халикова А